

Сейдин Елсүйерұлы ӘМИРЛАН

БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ОРТАҚ АРНАЛАР

(қазақ, қарақалпақ қызықтамалары мысалында)

В статье рассматриваются жанры прибауток и его особенности казахском и каракалпакском детском фольклоре, а также их отношение к обрядовым ритуалам.

Bu makalede, Kazak ve Karakalpak çocuk folklorundaki seyretme janrı ile bu seyretme janrının örf-adetlerle olan ilişkisinden bahsedilmiştir.

Балалар фольклоры – балалық шақтың бар болмысын, балғындардың кіршіксіз көркемдік талғамын, шынайы шығармашылық мүмкіндіктерін танытатын халықтық поэтикалық туындылардан бастау алады. Оның да негізгі қайнары ғұрыптық поэзия үлгілерімен сабақтасып жатыр. Халықтың сан-салалы салт-дәстүрінен туындаған осындай фольклорлық жанрлардың бірі – қызықтамалар.

Тақпақ, сұрамақ жанрлары тәрізді баяндау түрінде жырланатын қызықтамалар балалар туындылары санатына кіреді. Қызықтамалардың олардан ерекшелігі, ол белгілі сюжетке құрылған болады және онда юморлық сипат басым. Оның балалар үшін ғана емес, үлкендер үшін де қызықты болу сыры осында болса керек. Қазірге дейінгі зерттеулерде қызықтамалардың бала өмірінен алар орны ескерілсе де, олардың әр ұлтқа тән болған спецификалық белгілері, әсіресе, салтқа қатысты жағы назардан тыс қалған [6, 63; 2, 102; 9, 48; 12, 76; 14, 78].

Фольклордың қай-қайсы жанры да әр халықта өзіндік сипаттарына ие болатындығы белгілі. В.Я.Проптың жазғанындай, бір халықтың фольклорына тән болған жанрларды немесе жанрлық ерекшеліктерді, екінші бір халықтың мұрасына дәл солай қолданудың, қисынсыз телудің нәтижесіз екендігі айқын [11, 35-39]. Қазақ, қарақалпақ қызықтамалары жайлы да осылай тұжырымдауға болады. Сондықтан біз қазақ, қарақалпақ балалар фольклорындағы қызықтамалардың осындай қырларына көңіл аударуды жөн санадық.

Тарихы тамырлас, тағдыры ортақ болғандықтан, фольклордың басқа жанрлары сияқты қазақ, қарақалпақ қызықтамалары ортасында да өзара ұқсастықтар мол. Осы ұқсастықтың басты белгісі – жанр функциясының ғұрыптық жол-жосындар аясында орындалуында. Оны біз ұл баланы сүндетке отырғызу негізінде жүзеге келген халықтық дәстүрлерден айқынырақ көреміз.

Түркі дүниесінде «шүкіран», «қолды адалдау» деп аталатын сүндет ету дәстүрінің Орта Азия жұртшылығы ортасында ежелден-ақ болғандығы жайлы жазған Б.Сарымсақов, оның жергілікті халықтардың жас және жыныс инициациясы, яғни сынау салтымен байланысты туындағандығына мән берген [13, 191]. Ислам дінінің әсерімен «сүндет» (*аратша «ас-сунна»* –

«әдет») аталып кеткен осы ғұрыпқа қатысты берілетін жол-жоралғылар, тойлар Орта Азия қазақтары мен қарақалпақтары тұрмысында да өзіндік ерекшеліктерімен ажыралып тұрады [5, 17]. Алайда, бұл орында олардың жалпы жай-жапсарына толық тоқталып отырмаймыз. Біз үшін маңыздысы, осынау тойлардағы ғұрыптық шаралардан келіп шыққан қызықтамалар екендігін баса ескерткіміз келеді.

Әдетте, «сүндеттой» болған отбасыға ниеттестік таныта келген үлкендер жағы бата беріп, игі тілектерін білдірумен бірге, «жарақаты бар» баланың көңілін аулау, қиялын басқа жаққа аудару үшін әртүрлі қызықтамалар (*қарақалпақша «шақшақ»*) айтысады. Әлбетте, бұл – өз кезегінде баланың тез бойын жиып, оның лезде орнынан тұрып кетуіне де оң әсерін тигізери сөзсіз. Ал сүндет етілген (*«жігіт болған»*) баланың «жігітше», «бекше» (*діни түсінікте «мұсылман»*) т.б. деп аталатыны аян. Ол осындай көңілді шақта өзінің бозбала санатына қосылғандығын, тетелес ағалары мен үлкендерден үйренген қызықтамаларды айту арқылы білдіреді. Онда алдымен барша жігіттің басты арманы – болашақ «қалыңдық» жайы сөз болады:

*Қазы, қазы, қазы,
Қазы әкемнің қызы,
Ақ отауға кірді,
Айдан атпақ жүзі,
Ашалары соңында,
Ашарлары қолында,
Алтын сандық ашылды,
Ішінен парша шашылды,
Құш, құш, құшайық,
Қанат берің ұшайық,
Жасауларын жиганша,*

Қызды алып қашайық [15, 5]. Әрине, мұндай қызықтамалар өз-өзінен айтылмайды. Сүндет етілген баламен тілдескен үлкендердің «Обба балам-ей, әне жігітше болдың, көз астыңа алып жүргенің бар ма?», «Енді үйлендіреміз, қыз-пыз қарастырдың ба, қайынжұртың қайда?» деген секілді әзіл-қалжыңдарынан соң туындайды.

«Жігітше» жанына кемінде бір жетіге дейін күзет қойылады. Бұл – баланың ұйықтағанда шошынбауы, орнынан тұрғанда оқыс қимылдап, жарақатын ауыртып алмауы және тіл-сұқтан сақтануы үшін жасалатын ғұрыптық шаралар қатарына кіреді. Баланы сырткөзден, зиянкестерден қорғау үшін «шілделі үй» ішінде тез-тез адыраспан да түтетіліп тұрады. Өйткені, отбасы өміріндегі ғана емес, халық дәстүріндегі ең маңызды оқиға: «мұсылмандық парыз», «бабалар салты» (*қарақалпақша «бекшік жолы»*) саналатын осынау міндеттің орындалғаны үшін «шілделі үй» иелеріне «құтты болсын» айтушылардың қадамы бір сәтке де үзілмейді. Осындай мезеттерде де қызықтамалар айтылады [15, 4].

Құттықтап келушілер тақым арасы айыға бастаған баланы көңілдендіру үшін, әрі шақшасының қалып қойғандығын желеу етіп, одан «насыбай» («әпчу», «әку») сұрап, оның «ашы» яки «өткір» екенін айтысады. Жарасы біте бастаған болса, «Қобызың саз ба, жырлай ма?», «Дүмбірең орнында ма, түсіп қалмады ма?» деп әзілдеп, бала мүшесінің басына түкіреді. Ондай сауалдар әдепке де, әдетке де қайшы келмейді. Осынау сұрауларға бала жауабы да әрқашан дайын. Ол да салған жерден:

Лақайым басы қалайы,

Қырдың қызы анайы..., - деп әндетіп жібереді. Лақай – қарақалпақ халқының домбыра типіндегі шағын саз аспабы. Қуақы балалар әрдайым «лақай» аспабын тілге тиек ете отырып, жырлап жүреді [8,118]. Қазақ балалары оны:

Домбырам басы ырғай-ды,

Қыздар қолын бұлғайды..., - деген қатарлармен жалғастырып әкетеді. Осындай үлгідегі балалар өлеңдері (*қызықтамалар мен тақпақтар*) қазақ қарақалпақ халқы ортасында өте кеңінен танымал. Орта Азиядағы қазақ қарақалпақ балалары арасында жиі айтылатын соңғы қызықтама фольклор зерттеушісі І.Матыжанов тарапынан 1988 жылы жарық көрген «Ақ сандық, көк сандық» жинағына да енгізілген [1, 97]. Оның бір версиясы 1984 жылы шыққан өзбек балалар фольклорының топтамасында жарияланған болатын [3, 97-98]. Жігіт басынан өтетін қилы-қилы қызықтарға толы осы қызықтама соңы қазақшасында:

Ой-ой менің басым-ай,

Он бестегі жасым-ай, - деген сөздермен беріліп жүр [1, 97]. Мұнан, бұл қызықтаманың баспаға дайындалуында өзбек фольклоршылары жазып алған нұсқаның негізгі тұғыр етіп алынғандығы көрінеді [3,98]. Шындығында Орта Азия халықтары, соның ішінде қазақ, қарақалпақ балалары айтатын осы қызықтама:

Он үштегі жасым-ай, - деген жолдармен бітеді. Оны бір емес, бірнеше қызықтама үлгілерінен кезіктіреміз [3, 249; 15, 6, 7]. Бұл, тезірек он үшке шығуды, шынайы жігіттік кезеңге қадам басуды көксеген балдырған тілегінен туған ой. Оның төркінінде халық даналығында айтылатын «он үште отау иесі» деген азаматтық беделді аңсау мұраты жатыр. Себебі, «жігітше» деген «жаңа дәреже» таңылған балаға (*бес жасар сәбиге*) қалжың ретінде осындай талап қойылып отыр.

«Қалыңдық саудасы» бағдарында өрбитін оқиғалар «Түйе, түйе, түйелер», «Түлкі, түлкі, түлкішек» деген бастамаларға ие қызықтамалардан да табылады [1, 54; 7, 118]. Мәселен, тікелей қарақалпақ халқының басынан кешкен тарихи кезеңдердің кейбір тұстарын баяндайтын «Түлкішек» атты сұрамақ та тұрмыстық және ғұрыптық талаптарға сай осындай қызықтамаларға айналып қалған [4, 64-66; 10, 68-69]. Сайып келгенде, мұның бәрі де «мұсылмандық мәртебе» алған өспірімді жігіттікке қарай жігерлі қадам бастыру талабынан туған ізгі ниет екендігі хақ.

Белгілі өзбек ғалымы О.Сафаровтың дұрыс көрсеткеніндей, қызықтамалар түркі балалар фольклорындағы ескі жанрлардың бірі [12,87]. Әйтсе де, балалық бал дәуреннің қызықты әсерлерін өз бойына жиған қызықтамалардың барлық халықта да біркелкі сақталмағандығын, бірдей бағытта өрістемегендігін аңғардық. Бұл жайында М.Мельников пікірін құптаған І.Матыжанов, қазақша қызықтамалардың санаулы-ақ нұсқаларының бар екендігін, оның да қариялардан ғана жазып алынғандығын ескертсе, ал Орта Азияда жасаушы қазақ, қарақалпақ балалары ортасында керісінше жағдай көзге түседі [9,51;14,81]. Олардың репертуарында қызықтамалар қазір де елеулі орын тұтады және әдеттегіше, халықтық жол-жосындарға орай орындалады. Біз аталмыш регионда жасаушы қазақ, қарақалпақ балалар фольклоры бойынша материалдар жинау барысында осыны байқадық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақ сандық, көк сандық (балалар фольклоры). – Алматы: Жазушы, 1988.
2. *Аникин В.П.* Русские народные пословицы, поговорки, загадки и детский фольклор. – М.: Просвещение, 1957.
3. Бойчечак (балалар фольклори, меҳнат кўшиқлари). – Тошкент: Адабиёт ва санъат нашриёти, 1974.
4. *Есбергенов Х., Хошаниязов Ж.* Этнографические мотивы в каракалпакском фольклоре. – Ташкент: Фан, 1988.
5. *Казакбаев С.С.* Каракалпакская обрядовая поэзия. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Нукус, 2000.
6. *Катица О.И.* Детский фольклор (песни, потешки, дразнилки, сказки, игры). – Л.: Прибой, 1928.
7. *Қанаатов Т.* Бухара қарақалпақлары фольклорында балалар қосықтары // Қарақалпақстан муғаллими. – Нөкис. 1998, -№1-2.
8. *Қанаатов Т.* М.Қашғарлы хәм халық аўызеки дәретиўшилиги // ӨзРИА ҚБ Хабаршысы. – Нөкис. 2009, -№3.
9. *Мельников М.Н.* Русский детский фольклор. – М.: Просвещение, 1987.
10. *Пахратдинов Ә.* Мәңили гәплер хәм халық әпсаналары. – Нөкис: Қарақалпақстан, 1989.
11. *Протт В.Я.* Фольклор и действительность. – Л.: Наука, 1976.
12. *Сафаров А.* Балаларни эркаловчи ўзбек халқ кўшиқлари. – Тошкент: Фан, 1983.
13. *Ўзбек фольклори очерклари.* I т., – Тошкент: Фан, 1988.
14. *Ісләмжанұлы К.* Рухани уыз (қазақ балалар фольклоры). – Алматы: Ана тілі, 1995.
15. Этнологиялық экспедиция материаллары // «Әмир Едиге сарайы» этнокәрханасы архиви. – Нөкис, 2001. 1-7 дәптер.

REZUME

S.E.AMIRLAN (Nukus)
COMMON AREAS IN CHILD-LORE
(on the examples of Kazakh and Karakalpak catch phrases)

The child-lore genre and its peculiarities in Kazakh and Karakalpak child-lore, and also their relations to traditional rituals are considered in the report.